

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 қазандағы № 804 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 28 қазандағы
№ 804 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Қазақстан Республикасының құрлықтық қайраңында орналасқан келісімшарт аумағындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға тартылған қазақстандық және шетелдік теңіз кемелері мен қазақстандық әуе кемелеріне бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 759 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 63, 401-құжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерін бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерін бақылауды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының құрлықтық қайраңында орналасқан келісімшарт аумағындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға тартылған қазақстандық және шетелдік теңіз кемелері мен қазақстандық

әуе кемелеріне бақылауды жүзеге асыру қағидалары осы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістерге (бұдан әрі – өзгерістер) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2."Құрлықтық қайранда орналасқан келісімшарт аумағындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға тартылған қазақстандық және шетелдік теңіз кемелері мен қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше мәрте кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 760 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 63, 402-құжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Құрлықтық қайранда орналасқан келісімшарт аумағындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға тартылған қазақстандық және шетелдік теңіз кемелері мен қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше мәрте кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидалары осы өзгерістерге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Құрлықтық қайраң үстіндегі су кеңістігінде орналасқан қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағынан жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға, қалқымалы бұрғылау қондырғыларына не қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, жасанды аралдардан, қондырғылар мен құрылыстардан, қалқымалы бұрғылау қондырғыларынан Қазақстан Республикасының аумағына адамдарды, жүктер мен тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын қазақстандық әуе кемелері үшін шекаралық, кедендік бақылаудан (кемелердің келуімен (кетуімен) байланысты кедендік операцияларды жүргізу бөлігінде) және бақылаудың өзге де түрлерінен өтпей Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бөлінген әуе дәліздерінен тыс бірнеше мәрте кесіп өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 761 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 63, 402-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Құрлықтық қайраң үстіндегі су кеңістігінде орналасқан қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағынан жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға, қалқымалы бұрғылау қондырғыларына не қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, жасанды аралдардан, қондырғылар мен құрылыстардан, қалқымалы бұрғылау қондырғыларынан Қазақстан Республикасының аумағына адамдарды, жүктер мен тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын қазақстандық әуе кемелері үшін шекаралық, кедендік бақылаудан (кемелердің келуімен (кетуімен) байланысты кедендік операцияларды жүргізу бөлігінде) және бақылаудың өзге де түрлерінен өтпей Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бөлінген әуе дәліздерінен тыс бірнеше мәрте кесіп өту қағидалары осы өзгерістерге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістерге
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 759 қаулысымен
бекітілген

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерін бақылауды жүзеге асыру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерін бақылауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 55-бабының 12-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер (бұдан әрі – кемелер) мен қазақстандық әуе кемелеріне (бұдан әрі – әуе кемелері) Заңның 55-бабының 12-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (бұдан әрі – Шекара қызметі) берген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсаттардың (бұдан әрі – рұқсат) шарттарын көрсетілген кемелердің сақтауы бөлігінде ғана бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Рұқсат алған кемелерге қатысты бақылауды Шекара қызметі жүзеге асырады.

Рұқсат алған әуе кемелеріне қатысты бақылауды Шекара қызметі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерімен бірлесіп жүзеге асырады.

Заңның 70-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын әуе кеңістігінде күзету кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

3. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған кемелер және әуе кемелері тасымалдайтын жолаушылар дара кәсіпкер немесе заңды тұлға, филиал, өкілдік ұсынатын жолаушылар тізіміне сәйкес бақылаудан өтеді, оған Шекара қызметінің лауазымды адамы бақылаудан өткені туралы белгі қояды.

4. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған кемелер мен әуе кемелерімен тасымалданатын жүктер мен тауарлар Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес әкелінеді.

Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының талаптары сақтала отырып әкелінген жүктер мен тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне өткізу кедендік бақылаусыз жүзеге асырылады.

2-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған кемелерді бақылауды жүзеге асыру тәртібі

5. Кеме порттан (орналасу пунктінен), теңіздегі өткізу пунктінен немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орыннан Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне шығар алдында, бірақ одан бұрын төрт сағаттан кешіктірмей, кемең Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне шығуын жоспарлайтын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға, филиал, өкілдік немесе кеме капитаны (капитанның вахталық көмекшісі) жауапкершілік учаскесінде порт (орналасу пункті), теңіздегі өткізу пункті немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізетін өзге де орны орналасқан Шекара қызметінің әскери бөліміне кемең шығуға әзір екені туралы кез

келген байланыс құралдары арқылы ауызша хабар береді және рұқсат беруге құжаттарды тапсырған кезде мәлімделген жүру жолы өзгерген жағдайда, кеменің жүру маршрутын нақтылайды.

6. Шекара қызметінің лауазымды адамдары кемеге келгеннен кейін кемені байқауды және қарап-тексеруді ұйымдастырады. Кеменің капитаны (капитанның вахталық көмекшісі) Шекара қызметінің лауазымды адамдарына рұқсатты, Шекара қызметі әскери бөлімінің командирі куәландырған кеме экипажының құрамын, кеме жолаушыларының тізімін және кеме экипажының мүшелері мен жолаушылардың жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынады.

Шекара қызметінің лауазымды адамдары құжаттарды ондағы мәліметтердің дұрыстығы мен олардың дұрыс ресімделуі тұрғысынан тексеріп, оларды кеменің капитанына (капитанның вахталық көмекшісіне) қайтарады.

7. Шекара қызметінің лауазымды адамдары мынадай құжаттардың да бар-жоғын тексереді:

1) кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлігінің немесе шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат;

2) кеме журналы;

3) кеменің жабдықталу мен жарақталу қауіпсіздігі туралы куәлігі.

8. Шекара қызметінің лауазымды адамдары кеменің капитаны (капитанның вахталық көмекшісі) мен экипажы мүшелеріне ауызша сұрау жүргізеді, сондай-ақ капитанмен (капитанның вахталық көмекшісімен) бірлесіп, кемені қарап-тексеруді жүргізеді.

9. Бақылау аяқталғаннан кейін Шекара қызметінің лауазымды адамы рұқсатқа белгілер қояды. Шекара қызметінің лауазымды адамы жүргізілген іс-шаралардың нәтижелері туралы Шекара қызметінің әскери бөліміне байланыс құралдары арқылы ақпарат жібереді.

10. Кемелердің Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне шығуы Шекара қызметі әскери бөлімінің лауазымды адамдары кемеді бақылауды аяқтағаннан кейін порттан (орналасу пунктінен), теңіздегі өткізу пунктінен немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін өзге де орыннан жүзеге асырылады.

Кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне шығаруды Шекара қызметі әскери бөлімінің командирі куәландырған кеме экипажының құрамына кіретін адамдар жүзеге асырады.

11. Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігінде болған кезде рұқсатқа сәйкес мынадай талаптар орындалады:

1) кеме капитаны (капитанның вахталық көмекшісі) Шекара қызметінің әскери бөлімімен үнемі радиобайланыста болады, кеме тұрған географиялық координаталарын

көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтудің әр фактісі туралы хабардар етеді және ол туралы кеме журналына жазба жүргізеді;

2) кемеңің орналасқан жері туралы ақпаратты үнемі автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін техникалық бақылау құралдары істен шыққан кезде кеме капитаны (капитанның вахталық көмекшісі) ақау себептері туралы Шекара қызметінің әскери бөліміне хабарлайды.

Кемеңің орналасқан жері туралы ақпаратты үнемі автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін техникалық бақылау құралдарының істен шығуына әкелген себептерді төрт сағат ішінде жою мүмкін болмаған жағдайда, кемеңің капитаны (капитанның вахталық көмекшісі) бұл туралы Шекара қызметінің әскери бөлімін хабардар етеді және ақауды жою үшін портқа (орналасу пунктіне), теңіздегі өткізу пунктіне немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орынға қайта оралады;

3) Шекара қызметі лауазымды адамдарының талабы бойынша кемеңің капитаны (капитанның вахталық көмекшісі) кемеңің орналасқан жеріне қатысты ақпаратты және кемеңің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне байланысты басқа да қажетті ақпаратты ұсынады.

12. Кеме Қазақстан Республикасының портына (орналасу пунктіне), теңіздегі өткізу пунктіне немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орынға келерден бұрын төрт сағаттан кешіктірмей, кемеңің басқаратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға, филиал, өкілдік немесе кемеңің капитаны (капитанның вахталық көмекшісі) бұл туралы Шекара қызметінің әскери бөліміне кез келген байланыс құралдары арқылы ауызша хабар береді. Шекара қызметінің лауазымды адамдары портқа (орналасу пунктіне), теңіздегі өткізу пунктіне немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орынға келіп, кемеңің бақылауды ұйымдастырады, осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарында көрсетілген құжаттарды тексеруді, кемеңің қарап-тексеруді, кеме экипажы мүшелерінің түсірілуін қадағалауды жүзеге асырады, кеме капитаны (капитанның вахталық көмекшісі) мен экипажы мүшелеріне ауызша сұрау жүргізеді.

13. Кемеден экипаж мүшелерін, адамдарды түсіру, кез келген жүктер мен тауарларды түсіру (тиеу) Шекара қызметінің бақылауы аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Бақылау аяқталған соң Шекара қызметінің лауазымды адамы рұқсатқа кемеңің портқа (орналасу пунктіне), теңіздегі өткізу пунктіне немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орынға келуі туралы белгі қояды.

3-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық әуе кемелерін бақылауды жүзеге асыру тәртібі

14. Шекара қызметінің лауазымды адамдары әуе кемесіне келгеннен кейін әуе кемесіне байқауды және қарап-тексеруді ұйымдастырады. Әуе кемесінің командирі (ұшу экипажының мүшесі) Шекара қызметінің лауазымды адамдарына рұқсатты, Шекара қызметі әскери бөлімінің командирі куәландырған әуе кемесі экипажының құрамын, кеме жолаушыларының тізімін және әуе кемесі экипажының мүшелері мен жолаушылардың жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынады.

Шекара қызметінің лауазымды адамдары құжаттарды ондағы мәліметтердің дұрыстығы және олардың дұрыс ресімделуі тұрғысынан тексеріп, оларды әуе кемесінің командиріне (ұшу экипажының мүшесіне) қайтарады.

15. Шекара қызметінің лауазымды адамдары әуе кемесінің командирі мен экипажы мүшелеріне ауызша сұрау жүргізеді, сондай-ақ әуе кемесінің командирімен (ұшу экипажының мүшесімен) бірлесіп, кеме тексеріп қарайды.

16. Бақылау аяқталғаннан кейін Шекара қызметінің лауазымды адамы ұшу тапсырмасына (ұшу парағына) жазба жасайды және рұқсатқа белгілер қояды. Шекара қызметінің лауазымды адамы Шекара қызметінің әскери бөліміне байланыс құралдары арқылы жүргізілген іс-шаралардың нәтижелері туралы ақпарат жібереді.

17. Әуе кемелерінің Каспий теңізінің қазақстандық секторының үстіндегі әуе кеңістігіне ұшып шығуы Шекара қызметі әскери бөлімінің лауазымды адамдары кемеде бақылау жүргізгеннен кейін Қазақстан Республикасының әуеайлақтарынан, тікұшақ айлақтарынан және қону алаңдарынан, оның ішінде халықаралық ұшулар үшін ашылмағандарынан да жүзеге асырылады.

Әуе кемелерін Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне ұшып шығаруды Шекара қызметі әскери бөлімінің командирі куәландырған кеме экипажы құрамына енгізілген адамдар жүзеге асырады.

18. Құрлықтық қайраң үстіндегі су кеңістігінде орналасқан қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағынан жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға, қалқымалы бұрғылау қондырғыларына не қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, жасанды аралдардан, қондырғылар мен құрылыстардан, қалқымалы бұрғылау қондырғыларынан Қазақстан Республикасының аумағына адамдарды, жүктер мен тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын әуе кемелерінің ұшулары Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Шекара қызметінің лауазымды адамдары орналасу пунктіне келіп, әуе кемесін байқауды ұйымдастырады, осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген құжаттарды

тексеруді, кемені тексеріп-қарауды, кеме экипажы мүшелерінің түсуін байқауды жүзеге асырады, кеме командирі мен экипажы мүшелеріне ауызша сұрау жүргізеді.

20. Әуе кемесі экипажы мүшелерінің, адамдардың түсуі, кез келген жүктер мен тауарларды түсіру (тиеу) Шекара қызметінің бақылауы аяқталған соң жүзеге асырылады. Бақылау аяқталғаннан кейін Шекара қызметінің лауазымды адамы рұқсатқа әуе кемесінің орналасу пунктіне келуі туралы белгілер қояды, сондай-ақ ол туралы ұшу тапсырмасына (ұшу парағына) жазба жасайды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістерге
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 760 қаулысымен
бекітілген

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 55-бабының 12-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелеріне, оның ішінде ауа қабы бар кемелерге қолданылады.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ұғымдарға сәйкес келеді.

2-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелердің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру тәртібі, рұқсаттардың қолданылуының кеңістіктік және уақыттық шектері

3. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелердің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсатты (бұдан әрі – рұқсат) қазақстандық кеме тіркелген жердегі (порттағы, орналасу пунктіндегі) немесе шетелдік кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының аумағына кіретін пункттегі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (бұдан әрі – Шекара қызметі) береді.

4. Рұқсат алу үшін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға, филиал, өкілдік (бұдан әрі – өтініш беруші) жауапкершілік учаскесінде кемелердің шығуы жоспарланған Шекара қызметінің әскери бөліміне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат беру туралы жазбаша өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) кемеге меншік құқығын растайтын құжаттың көшірмесі не жер қойнауын пайдаланушы мен мердігер ұйымның арасындағы кеме мені жалға алу (тасымалдау) шартының көшірмесі және (немесе) мердігер ұйым мен кеме иесінің арасындағы шарт көшірмесі;

3) кеме мені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлігінің немесе шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кеме мені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсаттың көшірмесі;

4) экипаж мүшелерінің, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану ауданына тиісті құралмен тасымалданатын жұмыскерлердің, іссапарға жіберілген адамдардың, іскерлік іссапарға жіберілген адамдардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

5) шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар үшін – жұмысқа орналасуға арналған рұқсаттардың көшірмелері, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары үшін – еңбек шартының көшірмелері, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, Қазақстан Республикасында іскерлік сапарда жүрген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары үшін – іссапарға жіберу туралы хат;

6) қажет болған жағдайда шетелдік азаматтарға және (немесе) азаматтығы жоқ адамдарға берілген визалардың көшірмелері;

7) шарттың деректемелерін көрсете отырып, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру мақсаттарында тауарларды, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтерді беру шартының негізінде тартылғаны туралы жер қойнауын пайдаланушының, Қазақстан Республикасының порты, теңіз терминалы, каналы, айлақтық құрылысжайы меншік иесінің немесе оны басқаратын тұлғаның жазбаша өтініші;

8) жер қойнауын пайдалану және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету ауданының координаталары, сондай-ақ оларға бару және одан қайту үшін ұсынылатын жолдар;

9) кеден ісі саласындағы уәкілетті орган шығарған шетелдік теңіз кемесіне қатысты тауарларға декларацияның көшірмесі.

5. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат осы Қағидалардың 4 және 7-тармақтарында көрсетілген өтініш пен құжаттарды Шекара қызметінің әскери бөлімі алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

6. Қазақстандық немесе шетелдік кеме экипажының мүшелерін ауыстыру қажет болған жағдайда, өтініш беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыстыру себептерін көрсете отырып, экипаж мүшелерін ауыстыру туралы жазбаша өтінішті Шекара қызметінің әскери бөліміне ұсынады. Аталған өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) экипаждың жаңа мүшесінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) шетелдік азамат және (немесе) азаматтығы жоқ адам үшін жұмыс істеуге рұқсаттың көшірмесі, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары үшін еңбек шартының көшірмесі;

3) қажет болған жағдайда, шетелдік азаматқа және (немесе) азаматтығы жоқ адамға берілген визаның көшірмесі.

Шекара қызметінің әскери бөлімі осы тармақта көрсетілген өтініш пен құжаттарды қарап, олар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өз шешімі туралы өтініш берушіге жазбаша хабарлайды.

7. Каспий теңізі қазақстандық секторының су кеңістігінде жоспарланған қызмет түріне байланысты мынадай қосымша құжаттар:

1) жер қойнауын пайдалану келісімшартына сәйкес теңіз түбі мен жер қойнауының табиғи ресурстарына барлау жүргізуге және оларды игеруге байланысты қызмет үшін:

теңізде мұнай операцияларын жүргізу үшін қалқымалы жабдыққа меншік құқығы туралы куәліктің көшірмесі не осындай қалқымалы жабдықты жалға алу шартының көшірмесі, не теңізде мұнай операцияларын жүргізу бойынша қызметтер көрсету туралы шарттың көшірмесі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мойындаған шетелдік сыныптау қоғамдарының бірінің кеменің қауіпті жүктерді тасымалдауға сәйкестігін растайтын

теңіз кемесінің теңізде жүзу қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігі туралы сыныптау куәлігі;

2) жер қойнауын пайдалану келісімшартына сәйкес теңіз объектілерін салу мен орналастыруға, ұңғымаларды бұрғылауға, оларды консервациялау мен жоюға (бөлшектеуге) байланысты қызмет үшін:

теңіз объектілерін салуға және орналастыруға көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган берген рұқсаттың көшірмесі;

теңіз объектілерін (ұңғымаларды) консервациялау (жою) басталған жағдайда жер қойнауын пайдаланушының технологиялық объектілерді консервациялау (жою) туралы бұйрығының көшірмесі;

теңіз объектілерін (ұңғымаларды) консервациялағаннан (жойғаннан) кейін консервацияланған (жойылған) технологиялық объектілерді немесе ұңғымаларды қабылдау туралы актінің көшірмесі ұсынылады.

8. Рұқсат бір жылдан аспайтын мерзімге беріледі, жер қойнауын пайдалану және (немесе) рұқсатта көрсетілген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ететін аудандар шегінде қолданылады және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету мақсатында тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді беру жөніндегі келісімшарттың немесе шарттың қолданылу мерзімі ішінде жыл сайын қайта ресімдеуге жатады.

9. Рұқсат дара кәсіпкерге немесе заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің уәкілетті өкіліне есеп журналында қол қойғызу арқылы беріледі. Берілген рұқсат қолданылатын бүкіл мерзімі ішінде ол Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне бару кезеңінде және Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігінде тұрған (дрейфтеу) кезеңде кеме капитанында (иесінде) не капитанның вахталық көмекшісінде болады.

10. Рұқсат жоғалған жағдайда өтініш беруші оның жоғалу мән-жайларын көрсете отырып, рұқсаттың телнұсқасын беру туралы өтінішпен Шекара қызметінің әскери бөліміне жүгінеді.

Шекара қызметі осы Қағидалардың 4 және 7-тармақтарында көзделген рәсімді сақтамай, өтініш беруші тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде рұқсаттың телнұсқасын береді.

11. Осы Қағидалардың 4 және 7-тармақтарында көрсетілген құжаттар топтамасы толық берілмеген, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган мәлімделген экипаж мүшелері мен кемемен тасымалданатын жұмыскерлерді келісуден бас тартқан жағдайларда, Шекара қызметі рұқсатты ресімдемей, құжаттарды қайтарады.

Көрсетілген бұзушылықтар жойылған жағдайда, құжаттар осы Қағидалардың 4, 5 және 7-тармақтарында көзделген тәртіппен қайта ұсынылады.

12. Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес әкелінген жүктер мен тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне өткізу кедендік бақылаусыз немесе бақылаудың өзге де түрлерінсіз жүзеге асырылады.

3-тарау. Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігінде орналасқан келісімшарт аумағындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға тартылған қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру тәртібі, рұқсаттардың қолданылуының кеңістіктік және уақыттық шектері

13. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігінде орналасқан келісімшарттық аумақта жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға тартылған қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсатты (бұдан әрі – рұқсат) қазақстандық әуе кемесі тіркелген жердегі немесе орналасқан пункттегі Шекара қызметі береді.

Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігінде орналасқан қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағынан жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға, қалқымалы бұрғылау қондырғыларына не қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, жасанды аралдардан, қондырғылар мен құрылыстардан, қалқымалы бұрғылау қондырғыларынан Қазақстан Республикасының аумағына адамдарды, жүктер мен тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын әуе кемелерінің ұшулары Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Рұқсат алу үшін өтініш беруші жауапты учаскесінде әуе кемесінің ұшып шығуы жоспарланған Шекара қызметінің әскери бөліміне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат беру туралы жазбаша өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) кемеге меншік құқығын растайтын құжаттың көшірмесі не әуе кемесінің иесі мен жер қойнауын пайдаланушының (оның мердігерінің) арасындағы адамдарды, жүктер мен тауарларды тасымалдау үшін кемеңі жалға алу шартының көшірмесі;

3) әуе кемесінде жер қойнауын пайдалану ауданына көшірілетін экипаж мүшелерінің, сондай-ақ жұмыскерлердің, іссапарға жіберілген адамдардың, іскерлік іссапарға жіберілген адамдардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметкерлерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

4) шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар (ұшқыштардан басқа барлық экипаж мүшелері үшін) үшін – жұмысқа орналасуға арналған рұқсаттардың

көшірмелері, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары үшін – еңбек шартының көшірмелері, шетелдік азаматтар үшін, Қазақстан Республикасында іскерлік сапарда жүрген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары үшін – іссапарға жіберу туралы хат;

5) қажет болған жағдайда шетелдік азаматтарға және (немесе) азаматтығы жоқ адамдарға берілген визалардың көшірмелері;

6) шарттың деректемелерін көрсете отырып, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру мақсаттарында тауарларды, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтерді беру шартының негізінде тартылғаны туралы жер қойнауын пайдаланушының жазбаша өтініші;

7) әуе кемелерінің ұшып шығуы мен қонуы үшін пайдаланылатын Қазақстан Республикасы әуе айлақтарының, тікұшақ айлақтарының және қону алаңдарының, оның ішінде халықаралық ұшу үшін ашылмағандарының тізбесі;

8) жер қойнауын пайдалану ауданының координаталары, сондай-ақ оған бару және одан қайту үшін ұсынылатын жолдар.

15. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат Шекара қызметінің әскери бөлімі осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген өтініш пен құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

16. Қазақстандық әуе кемесі экипажының мүшелерін ауыстыру қажет болған жағдайда, өтініш беруші осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыстыру себептерін көрсете отырып, экипаж мүшелерін ауыстыру туралы жазбаша өтінішті Шекара қызметінің әскери бөліміне ұсынады. Аталған өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) экипаждың жаңа мүшесінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) шетелдік азамат және (немесе) азаматтығы жоқ адам үшін жұмысқа орналасуға рұқсаттың көшірмесі, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары үшін еңбек шартының көшірмесі;

3) қажет болған жағдайда, шетелдік азаматқа және (немесе) азаматтығы жоқ адамға берілген визаның көшірмесі.

Шекара қызметінің әскери бөлімі осы тармақта көрсетілген өтініш пен құжаттарды қарап, олар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өз шешімі туралы өтініш берушіге жазбаша хабарлайды.

17. Рұқсат бір жылдан аспайтын мерзімге беріледі, жер қойнауын пайдалану және рұқсатта көрсетілген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ететін аудандар шегінде қолданылады және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету мақсаттарында тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді беруге арналған келісімшарттың немесе шарттың қолданылу мерзімі ішінде жыл сайын қайта ресімдеуге жатады.

18. Рұқсат дара кәсіпкерге немесе заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің уәкілетті өкіліне есепке алу журналына қол қойғызу арқылы беріледі.

Берілген рұқсат бүкіл қолданылу мерзімі ішінде жер қойнауын пайдалану ауданына (-нан) бару (қайту) кезеңінде және жер қойнауын пайдалану ауданында тұрған (болған) кезеңде әуе кемесінің командирінде немесе ұшу экипажының мүшесінде болады.

19. Рұқсат жоғалған жағдайда өтініш беруші оның жоғалу мән-жайларын көрсете отырып, рұқсаттың телнұсқасын беру туралы өтінішпен Шекара қызметінің әскери бөліміне жүгінеді.

Шекара қызметі осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген рәсімді сақтамай, өтініш беруші тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде рұқсаттың телнұсқасын береді.

20. Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы толық берілмеген, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган мәлімделген экипаж мүшелері мен кемемен тасымалданатын жұмыскерлерді келісуден бас тартқан жағдайларда, Шекара қызметі рұқсатты ресімдемей, құжаттарды қайтарады.

Көрсетілген бұзушылықтар жойылған жағдайда, құжаттар осы Қағидалардың 14, 15 -тармақтарында көзделген тәртіппен қайта ұсынылады.

21. Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының талаптары сақтала отырып әкелінген жүктер мен тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне өткізу кедендік бақылаусыз немесе бақылаудың өзге де түрлерінсіз жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

кейбір шешімдеріне

енгізілетін өзгерістерге

3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2016 жылғы 2 желтоқсандағы

№ 761 қаулысымен

бекітілген

Құрлықтық қайраң үстіндегі су кеңістігінде орналасқан қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағынан жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға, қалқымалы бұрғылау қондырғыларына не қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, жасанды аралдардан, қондырғылар мен құрылыстардан, қалқымалы бұрғылау қондырғыларынан Қазақстан Республикасының аумағына адамдарды, жүктер мен тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын қазақстандық әуе кемелері үшін шекаралық, кедендік бақылаудан (кемелердің келуімен (кетуімен) байланысты

кедендік операцияларды жүргізу бөлігінде) және бақылаудың өзге де түрлерінен өтпей Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бөлінген әуе дәліздерінен тыс бірнеше мәрте кесіп өту қағидалары

1. Осы Құрлықтық қайраң үстіндегі су кеңістігінде орналасқан қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағынан жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға, қалқымалы бұрғылау қондырғыларына не қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, жасанды аралдардан, қондырғылар мен құрылыстардан, қалқымалы бұрғылау қондырғыларынан Қазақстан Республикасының аумағына адамдарды, жүктер мен тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын қазақстандық әуе кемелері үшін шекаралық, кедендік бақылаудан (кемелердің келуімен (кетуімен) байланысты кедендік операцияларды жүргізу бөлігінде) және бақылаудың өзге де түрлерінен өтпей Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бөлінген әуе дәліздерінен тыс бірнеше мәрте кесіп өту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және құрлықтық қайраң үстіндегі су кеңістігінде орналасқан қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағынан жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға, қалқымалы бұрғылау қондырғыларына не қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, жасанды аралдардан, қондырғылар мен құрылыстардан, қалқымалы бұрғылау қондырғыларынан Қазақстан Республикасының аумағына адамдарды, жүктер мен тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын қазақстандық әуе кемелері үшін шекаралық, кедендік бақылаудан (кемелердің келуімен (кетуімен) байланысты кедендік операцияларды жүргізу бөлігінде) және бақылаудың өзге де түрлерінен өтпей Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бөлінген әуе дәліздерінен тыс бірнеше мәрте кесіп өту тәртібін белгілейді.

Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (бұдан әрі – Шекара қызметі) берген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше мәрте кесіп өтуге рұқсатты (бұдан әрі – рұқсат) алған, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық әуе кемелеріне қолданылады.

2. Құрлықтық қайраң үстіндегі су кеңістігінде орналасқан қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағынан жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға, қалқымалы бұрғылау қондырғыларына не қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, жасанды аралдардан, қондырғылар мен құрылыстардан, қалқымалы бұрғылау қондырғыларынан Қазақстан Республикасының аумағына адамдарды, жүктер мен тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын қазақстандық әуе кемелері (бұдан әрі – әуе кемелері) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

шекарасын бөлінген әуе дәліздерінен тыс бірнеше мәрте кесіп өткен кезде шекаралық, кедендік бақылаудан (кемелердің келуімен (кетуімен) байланысты кедендік операцияларды жүргізу бөлігінде) және бақылаудың өзге де түрлерінен өтпейді.

Көрсетілген кемелерге қатысты Шекара қызметінің лауазымды адамдары Заңның 55-бабының 12-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерін бақылауды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес бақылауды жүзеге асырады

3. Құрлықтық қайраң үстіндегі су кеңістігінде орналасқан қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағынан жасанды аралдарға, қондырғылар мен құрылыстарға, қалқымалы бұрғылау қондырғыларына не қалқымалы қонақүйлерді қоса алғанда, жасанды аралдардан, қондырғылар мен құрылыстардан, қалқымалы бұрғылау қондырғыларынан Қазақстан Республикасының аумағына адамдарды, жүктер мен тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын әуе кемелерінің ұшулары Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес азаматтық және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша жүзеге асырылады.

4. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған әуе кемелері тасымалдайтын жүктер мен тауарлар Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес әкелінеді.

Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының талаптары сақтала отырып әкелінген жүктер мен тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Каспий теңізінің қазақстандық секторының су кеңістігіне өткізу кедендік бақылаусыз жүзеге асырылады

Әуе кемелері тасымалдайтын жолаушылар әуе кемесін пайдаланушы – әуе кемесін басқаратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға, филиал, өкілдік ұсынған жолаушылар тізіміне сәйкес бақылаудан өтеді, оған Шекара қызметінің лауазымды адамы бақылаудан өткені туралы белгі қояды.

5. Әуе кемесі құрлықтық қайраң үстіндегі әуе кеңістігіне ұшып шығар алдында, бірақ он екі сағаттан кешіктірмей, әуе кемесінің Қазақстан Республикасының құрлықтық қайраңы үстіндегі әуе кеңістігіне ұшып шығуын жоспарлайтын әуе кемесін пайдаланушы – әуе кемесін басқаратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға, филиал, өкілдік немесе әуе кемесінің командирі (ұшу экипажының мүшесі) жауапкершілік

учаскесінде орналасу пункті орналасқан Шекара қызметінің әскери бөліміне әуе кемесінің ұшып шығуға әзірлігі туралы кез келген байланыс құралдары арқылы ауызша хабар береді.

Жоспарланған ұшып шығу тоқтатылған жағдайда әуе кемесін пайдаланушы – әуе кемесін басқаратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға, филиал, өкілдік немесе әуе кемесінің командирі (ұшу экипажының мүшесі) жауапкершілік учаскесінде орналасу пункті орналасқан Шекара қызметінің әскери бөліміне ұшып шығу болжанған уақытқа дейін кемінде төрт сағат қалғанда кез келген байланыс құралдары арқылы ауызша хабар береді.

6. Әуе кемелерінің құрлықтық қайраң үстіндегі әуе кеңестігіне ұшып шығуы Шекара қызметінің лауазымды адамдары әуе кемесінде бақылау жүргізгеннен кейін жүзеге асырылады.

7. Рұқсатқа сәйкес құрлықтық қайраң үстіндегі әуе кеңістігінде болған кезде мынадай талаптар сақталады:

1) әуе кемесінің орналасқан жері туралы ақпаратты үнемі автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін техникалық бақылау құралдары істен шыққан кезде, әуе кемесінің командирі (ұшу экипажының мүшесі) ақау себептері туралы әуе кеңістігін пайдалану саласындағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен Шекара қызметінің әскери бөліміне және әуе қозғалысын басқару органдарына хабарлайды.

Әуе кемесінің орналасқан жері туралы ақпаратты үнемі автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін техникалық бақылау құралдарының істен шығуына алып келген себептерді жою мүмкін болмаған жағдайда әуе кемесінің командирі (ұшу экипажының мүшесі) әуе кеңістігін пайдалану саласындағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен Шекара қызметінің әскери бөлімін, әуе қозғалысын басқару органдарын хабардар етіп, ақауды жою үшін орналасу пунктіне оралады;

2) Шекара қызметі лауазымды адамдарының талабы бойынша әуе кемесінің командирі (ұшу экипажының мүшесі) кеменің тұрған жеріне қатысты ақпаратты және кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше мәрте кесіп өтуіне байланысты басқа да қажетті ақпаратты ұсынады.

8. Әуе кемесі орналасу пунктіне келер алдында төрт сағаттан кешіктірмей, әуе кемесін басқаратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға, филиал, өкілдік немесе әуе кемесінің командирі (ұшу экипажының мүшесі) бұл туралы жауапкершілік учаскесінде орналасу пункті орналасқан Шекара қызметінің әскери бөліміне кез келген байланыс құралдары арқылы ауызша хабар береді.

9. Әуе кемесі экипажы мүшелерінің, адамдардың түсуі, кез келген жүктер мен тауарларды түсіру (тиеу) Шекара қызметінің лауазымды адамдары бақылауды аяқтаған соң жүзеге асырылады.

операцияларды қамтамасыз етуге тартылған
қазақстандық және шетелдік кемелер мен
қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше
рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Сериясы _____ № _____ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге рұқсат

1. Заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің атауы, оның заңды мекенжайы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы

2. Кеменің меншік иесінің атауы және мекенжайы

3. Кеменің атауы

4. Кеменің түрі

5. Кеменің борттық нөмірі

6. Кеменің тіркелген жері (порты, орналасу пункті)

7. Кеме капитанының (оның вахталық көмекшісінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы

8. Техникалық бақылау құралдарының түрі

9. Қазақстан Республикасының кемелер тізілімдерінде кеменің тіркелуі туралы мәліметтер

10. Рұқсаттың қолданылу мерзімі

11. Жер қойнауын пайдалану және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету ауданы (аудандары)

12. Қазақстан Республикасы теңіз порттарының (орналасу пункттерінің) тізбесі

(Шекара қызметі әскери бөлімі командирінің қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

М.О.

1-қосымшаға парақтың сырт жағы

Ерекше белгілер

Шекара қызметі әскери бөлімінің бақылаудан өткізу туралы белгілері

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларына 2-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге рұқсат беру туралы өтініш

Кімге

(Шекара қызметі әскери бөлімінің атауы)

Кімнен

(заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің толық атауы, оның заңды мекенжайы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20 __ жылғы " __ " _____ № ____ қаулысына сәйкес

(жер қойнауын пайдалану және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету ауданы көрсетіледі)

ауданында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алуға өтінішті қарауды сұраймын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алу үшін мәлімделген кемелер туралы мәліметтер ____ парақта келтірілген.

— (заңды тұлға, филиал, өкілдік басшысының немесе дара кәсіпкердің қолы)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алу үшін мәлімделген жұмыскерлер туралы мәліметтер ____ парақта келтірілген.

20 __ жылғы " __ " _____

М.О.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат беруге арналған өтініште мәлімделген қазақстандық және шетелдік кеме туралы мәліметтер

1. Кеменің атауы

2. Кеменің түрі

3. Кеменің борттық нөмірі

4. Кеме тіркелген жер (порты, орналасу пункті)

5. Қазақстан Республикасының кемелер тізілімдерінде кеменің тіркелуі туралы мәліметтер:

6. Заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің атауы, оның заңды мекенжайы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы

7. Кемеңің меншік иесінің атауы және мекенжайы

8. Кеме капитанының (иесінің) (капитанның вахталық көмекшісінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы

9. Техникалық бақылау құралдарының түрі

10. Жер қойнауын пайдалану және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету ауданы (аудандары)

11. Кемеңің жер қойнауын пайдалану және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету ауданына барған кездегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуінің болжамды координаталары мен мерзімдері

12. Кемеңің жер қойнауын пайдалану және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету ауданына жүзіп шығу нүктесі – Қазақстан Республикасының теңіз порты (орналасу пункті)

(заңды тұлға, филиал, өкілдік басшысының немесе дара кәсіпкердің қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

М.О.

Жер қойнауын пайдалану
жөніндегі операцияларға және
жер қойнауын пайдалану
жөніндегі операцияларды
қамтамасыз етуге тартылған
қазақстандық және шетелдік
кемелер мен қазақстандық әуе
кемелерінің Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік
шекарасын бірнеше рет кесіп
өтуіне рұқсаттар беру
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге
рұқсат алған қазақстандық және шетелдік кеме экипажының мүшелерін
ауыстыруға өтініш**

Кімге

(Шекара қызметі әскери бөлімінің атауы)

Кімнен

(заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің толық атауы, оның заңды мекенжайы
немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20 __ жылғы " __ " _____ № _____
қаулысына сәйкес _____ әскери бөлім 20 __ жылғы _____ берген сериясы _____
№ _____ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп
өтуге рұқсат алған қазақстандық және шетелдік кеме экипажының мүшелерін
ауыстыруға өтінішті қарауды сұраймын.

Экипаж мүшелері – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), кемедегі лауазымы:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

Мына – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), кемедегі лауазымы:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

экипаж мүшелерінің қатарынан шығаруды сұраймын.

Мына – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), кемедегі лауазымы:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

экипаж мүшелеріне қосуды сұраймын.

(заңды тұлға, филиал, өкілдік басшысының немесе дара кәсіпкердің қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

М.О.

Жер қойнауын пайдалану
жөніндегі операцияларға және
жер қойнауын пайдалану
жөніндегі операцияларды
қамтамасыз етуге тартылған
қазақстандық және шетелдік
кемелер мен қазақстандық әуе
кемелерінің Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік
шекарасын бірнеше рет кесіп
өтуіне рұқсаттар беру
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Сериясы _____ № _____ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге рұқсат

1. Заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің атауы, оның заңды мекенжайы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы

2. Әуе кемесін пайдаланушының/меншік иесінің атауы және мекенжайы

3. Әуе кемесінің атауы

4. Әуе кемесінің түрі

5. Әуе кемесінің тіркеу нөмірі

6. Кеменің орналасу пункті

7. Әуе кемесі командирінің (ұшу экипажы мүшесінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы

8. Техникалық бақылау құралдарының түрі

9. Қазақстан Республикасы әуе кемелерінің тізілімдерінде кеменің тіркелуі туралы мәліметтер

10. Рұқсаттың қолданылу мерзімі

11. Жер қойнауын пайдалану ауданы (аудандары)

(Шекара қызметі әскери бөлімі командирінің қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

М.О.

4-қосымшаға парақтың сырт жағы

Ерекше белгілер

Шекара қызметі әскери бөлімінің бақылау өткізу туралы белгілері

және жер қойнауын пайдалану жөніндегі
операцияларды қамтамасыз етуге тартылған
қазақстандық және шетелдік кемелер мен
қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше
рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларына 5-
қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге рұқсат беру туралы өтініш

Кімге

(Шекара қызметі әскери бөлімінің атауы)

Кімнен

(заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің толық атауы, оның заңды мекенжайы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20 __ жылғы " __ " _____ № _____ қаулысына сәйкес _____ (жер қойнауын пайдалану ауданы көрсетіледі)

ауданында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алуға өтінішті қарауды сұраймын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алу үшін мәлімделген әуе кемелері туралы мәліметтер _____ парақта келтірілген.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше мәрте кесіп өтуге рұқсат алу үшін мәлімделген жұмыскерлер туралы мәліметтер _____ парақта келтірілген

(заңды тұлға, филиал, өкілдік басшысының немесе дара кәсіпкердің қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

М.О.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат беруге арналған өтініште мәлімделген қазақстандық әуе кемесі туралы мәліметтер

1. Кеменің атауы (бар болса)

2. Әуе кемесінің түрі

3. Әуе кемесінің тіркеу нөмірі

4. Кемеңің орналасқан орны

5. Қазақстан Республикасы әуе кемелерінің тізілімдерінде әуе кемесінің тіркелуі туралы мәліметтер

6. Әуе кемесін пайдаланушының – заңды тұлғаның атауы, оның заңды мекенжайы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы

7. Әуе кемесі меншік иесінің атауы және мекенжайы

8. Кеме командирінің (иесінің) (ұшу экипажы мүшесінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы

9. Техникалық бақылау құралдарының түрі

10. Жер қойнауын пайдалану ауданы (аудандары)

11. Кемеңің жер қойнауын пайдалану ауданына жүзуі кезіндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуінің болжамды координаталары мен мерзімдері

12. Қазақстан Республикасы кемесінің орналасу пункті және әуе кемесінің жер қойнауын пайдалану ауданына ұшып шығу нүктесі

(заңды тұлға, филиал, өкілдік басшысының немесе дара кәсіпкердің қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

М.О.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз етуге тартылған қазақстандық және шетелдік кемелер мен қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуіне рұқсаттар беру қағидаларына б-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алған қазақстандық әуе кемесі экипажының мүшелерін ауыстыруға өтініш

Кімге

(Шекара қызметі әскери бөлімінің атауы)

Кімнен

_____ (

заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің толық атауы, оның заңды мекенжайы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның мекенжайы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20 __ жылғы " __ " _____ № _____ қаулысына сәйкес _____ әскери бөлім 20 __ жылғы " __ " _____ берген _____ сериясы _____ № _____ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алған қазақстандық әуе кемесі экипажының мүшелерін ауыстыруға өтінішті қарауды сұраймын.

Экипаж мүшелері – тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

Мына – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

экипаж мүшелерінің қатарынан шығаруды сұраймын.

Мына – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), кемедегі лауазымы:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

экипаж мүшелеріне қосуды сұраймын.

(заңды тұлға, филиал, өкілдік басшысының немесе дара кәсіпкердің қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

М.О.